

А. МАТАЛИЕВА

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ – САН ҚЫРЛЫ ЖАЗУШЫ

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Бауыржан Момышұлы қолына қару алып майданға барған жауынгер, батыр ғана емес, атағы әлемге танылған талантты жазушы да болды. Оның жазушылық өнерін паш ететін бірнеше айтулы шығармалары бар.

Бауыржан Момышұлының жазушылық өнері жайында Кеңес одағының батыры, генерал-майор және жазушы П.Вершигора былай деген екен: «Бізге Бауыржан Момышұлының әскери ерлігі белгілі. Ол жазушы санатында екінші ерлік жасап отыр. Меніңше, осы ерліктің екеуінің терезесі тең» [1]. Ал Б.Момышұлымен майданда бірге болған достары Д.Снегин, М.Ғабдуллин т.б. қоспағанда, қарапайым оқырмандар да оның екінші ерлігін, яғни жазушылығын өте жоғары бағалаған.

Бауыржан Момышұлы әдебиетке қашан және қалай келді деген сұрақтардың туындауы заңды. Б.Момышұлы жастайынан-ақ әдебиетке әуес болып өседі. Оның әжесінен естіген ертегілері, аңыздары, әкесінен алған тәлімі, үйренген шежіресі, жыл қайыру мен қазақтың ұлы ақыны Абай туралы естігендері жас жігіттің әдебиет жолына келуіне әсер етпей қоймады.

Осы жөнінде Бауыржан Момышұлы: «Кейде мен өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді...

Дүние тарихы, жаратылыс шежіресі, жан-жануар болмысы жайлы алғашқы әңгімені әжемнен естігенімді, адамзат қауымының қалыптасуы туралы тұңғыш мағлұматты әжемнен алғанымды қалай ғана ұмытамын.

...ненің жақсы, не жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткен, ар заңының, әдеттің жинағынан алғашқы тарауларды таныстырған да ең алдымен ата-ана, ағайын-туған еді [2.20.], – деп еске алса, ал әкесінің үйреткен тәлім-тәрбиесі жайында: «... әкем маған жастайымнан қазақша жыл қайыруды, күн мен ай аттарын, жыл аттарын жаттатты» [2.22], – дейді.

Сонымен бірге Б.Момышұлы ауыз әдебиетінің небір алуан үлгілерін ел аралаған ақындар мен көзі ашық білімділерден, көкесі Момынкұлдан естіп, жаттап өскенін атақты «Ұшқан ұя» шығармасында жазады.

Осылайша әдебиеттің озық үлгілерімен жастай-

ынан сусындап өскен Б.Момышұлының жазушылық өнерге соқпай өтуі мүмкін емес еді.

Б.Момышұлын әскери әдебиеттің негізін қалаған тұлға дейміз. Десек те ол Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған шығармалар жазбас бұрын бірнеше өлеңдер жазғанын архивтен табылған материалдар растап отыр. Оның осы өлеңдерінің жазылған жылдарына және мән-мазмұнына қарай отырып, біріншіден, Б.Момышұлының жігіттік шағының алғашқы жылдарында-ақ ақындық өнерге бет бұрғанын байқасақ, екіншіден, жас та болса ел камын ойлайтын ер екенін, сол кезден-ақ бетін бар, жүзің бар демей шындықты тура айтқанын көреміз.

Мәселен, жасы жиырмаға енді шыққан жас жігіттің ел ішінде болып жатқан түрлі оқиғалардан, әлеуметтік-саяси жағдайлардан тыс қалмағанын 1930 жылы елді ұжымдастыру тұсында шығарған «Біреулерге» атты өлеңінен аңғарамыз. Өлеңнің аты жалпылай аталғанымен, Б. Момышұлы бұл өлеңді сол кездегі ел басқарған өзі танитын бір басшысымаққа (әрине, ондайлар біреу емес, баршылық еді) арнап шығарған.

Сөз етіп отырған кейіпкерін құс алмайтын бүркітке, көтерем болар өгізге, жүк көтермес түйеге, т.б. сұрықсыз хайуандарға теңейтін өлең жолдарында Бауыржан Момышұлы басшылардың аузына қарап, жалтақтап, жағымпазданған қоян жүректердің іс-әрекеттерін мысқылмен аяусыз түйресе, ал 1932 жылы «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын » деген ұранды басшылыққа алған өкілдердің ел ішінде жасаған істерін «Омарбекке» деп аталатын әлеуметтік мәні зор өлеңінде кеңінен аша түседі. Қоғамдық сипаты күштірек шыққан осы бір өлеңді Бауыржан Момышұлы небәрі жиырма екі жасында шығарған. Осыдан-ақ Бауыржан Момышұлының жас кезінен бастап жастық шақтың қызығын қызықтап, уақытын бос селтеңмен өткізбей, ел камын ерте ойлаған, қолынан келер жақсылықты жасауға ұмтылған ер тұлғалы азамат болғанын байқаймыз.

Сонымен бірге қыркыншы жылдарға дейін «Кға», «Жардың мұңы», «Арман жар» т.б. өлеңдер жазады. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін «Әскер аты», «Туған жер», «Тырнақтап жина әр жерден», «Ана тілін ардақта», «Достыма», «Серігім», «Қайран сегіз» тәрізді өлеңдері дүниеге келеді.

Өмір мен өлім күреске түскен отты жылдарда жазылған осы өлеңдердің ішіндегі «Ана тілін ардақ-

та» өлеңінің көтерер жүгі зор деп айтсақ қателеспейміз. Тіліміздің шұбарланып, тұнығымыздың лайланып бара жатқанын сонау соғыс жылдарында-ақ байқап, бұл мәселені жыр жолдарына қосуы Б.Момышұлының байқампаздығымен қатар, көрегендігін де аңғартса керек. Ұлттың ұлт екенін танытатын, оның болашағының тірегі тіл екенін білген Б.Момышұлы тіл мәселесін жыр жолдарына қосып қана қоймай, арнайы түрде өкімет басшыларына хатта жазады. Осы өлең жолдары арқылы Б.Момышұлы тыңдар құлақ болса көп нәрсені айтудай-ақ айтқан.

Бауыржан Момышұлының жоғарыда аталған өлеңдерінен оның ақындық өнерден қара жаяу емес екендігін және де оған уақытша ғана әуестеніп қоймағанын аңғарамыз. Б.Момышұлының ақындық қуаты Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған өлеңдерінде арта түседі.

Бауыржан Момышұлы әдебиет әлеміне алғаш өлең жазумен келді десек, одан кейінгі орында оның жазып қалдырған хаттары, күнделіктері, күнделіктері негізінде жазылған шығармалары, шағын әңгімелері және де мақал-мәтелдері, нақыл сөздері тұр.

Б.Момышұлының эпистолярлық мұрасы жайында әлі күнге дейін айтылмай келеді. Оның мұрағаттан табылған хаттары жайлы біреу білсе, енді біреу біле бермейді. Ол хаттарды Б.Момышұлының өзінің жазған және Б.Момышұлына жазылған өзгелердің хаттары, Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылған және соғыстан кейінгі жылдары жазылған хаттар деп бөлуімізге болады. Бұл хаттарды негізінен тақырыбына, мазмұнына қарай былайша топтастырамыз:

1. Б.Момышұлының саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты өкімет басшыларына жазған хаттары;

2. Б.Момышұлының ақын-жазушыларға жазған хаттары (М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Қ.Сағындықов, Ш.Мұртаза, Д.Снегин т.б.)

3. Әскери хаттар, яғни Бауыржан Момышұлының майдандас жолдастарымен жазысқан хаттары. Олардың өзін екіге бөліп қарастыруға болады:

а) майданда бірге болған қанды көйлек жолдастарының Б.Момышұлынан түрлі көмек сұрап жазған хаттары және оларға жазылған Б.Момышұлының жауап хаттары;

ә) Б.Момышұлының Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналып жазылған шығармалары жарық көргеннен кейін ондағы тірі кейіпкерлер мен соғысты өз көзімен көрген әскерилердің жазған хаттары

(Б.Момышұлы шығармаларына баға беріп, пікірлер айтылған хаттар)

4. Туыстарымен жазысқан хаттар;

5. Қарапайым халықпен түрлі тақырыпта жазысқан хаттар;

6. Мектеп оқушыларымен жазысқан хаттар және т.б.

Бауыржан Момышұлының қазақ әдебиетіне қосқан тағы бір үлесі – мақал-мәтелдері, нақыл сөздері.

Б.Момышұлының соғыс жылдарында шығарған мақал-мәтелдері, қанатты сөздері сол кезде-ақ жауынгерлер арасына кеңінен тарап, рухани күш беріп, кейбірі олардың ауыздарынан тастамай айтып жүретін ұранға да айналып кетті. Мәселен, «Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет», «Отан үшін отқа түскін – күймейсін», «Ерлік елеусіз қалмасын», «Намысты нанға сатпа», «Тізе бүгіп тірі жүргенше, тіке тұрып өлген артық» т.б. деген тәріздес нақыл сөздердің оқ пен оттың арасында жүрген жауынгерлердің рухын жігерлендіре түскені айқын.

Б.Момышұлының кез келген шығармасын алып қарасаңыз, онда ол халық нақылдары, мақал-мәтелдерімен қатар өзінің төл мақал-мәтелдері мен қанатты сөздерін көптеп пайдаланып, оларға қысқаша түрде болса да түсінік беріп отырады. Әр болып өткен оқиғаны ой елегінен өткізіп, тұжырымдап, соған қатысты нақылды келтіріп отырады.

Ал Б.Момышұлы жазып қалдырған шежіренің орны бөлек. Ол шежіре жазуды Ұлы Отан соғысы жылдарында-ақ бастап жазғанға ұқсайды.

М.Мырзахметұлы Б.Момышұлының әскери академияда қызмет істеп жүрген кезінде де шежірені зерттеумен, деректер көзін жинаумен шұғылданғанын, бала кезінде әкесі айтқан әңгіме аңыздар төркініне көз жіберіп, әрі әкесі жазып қалдырған шежіре тізбесіне де назар аударғанын және немере інісі Әбділданың елдегі қарттардың айтуынан жазып алған дерек көздеріне сүйенгенін айтады. Және де Б.Момышұлының осы шежіресін орыс тілінен аударып тұңғыш рет жариялаған да М.Мырзахметұлы болатын.

Ал қазақ жазушыларының көбінде кездесе бермейтін құбылыс – ышиа жазуды Б.Момышұлынан кездестіреміз. Жалпы ышиа – араб сөзі, мағынасы нәрсенің шеті, жиегі дегенге келеді. Кітап шетіне жазылған, түсірілген пікірлерді халық ышиа деп атап кеткен [3.218]. Б.Момышұлы Абай шығармаларымен танысқаннан кейін оның кітабының шетіне өз пікірін, өзіндік таным-пайымдауларын білдіріп жазып қалдырған. Ұлы Абайдың шығармалары жайлы ышиаларында Б.Момышұлы көбінде

Абайдың аудармаларына, әсіресе, Лермонтовтан аударған өлеңдеріне тоқталады. Б.Момышұлының бұл нашиалары бір көлемді зерттеу еңбегін қамтиды.

«Жауынменен жер көгерер, батаменен ел көгерер», – деп халқымыз айтпақшы, Б.Момышұлының берген баталарының өзі жастарды тәрбие-леудің, оларға үлгі көрсетудің бір құралы болып табылмақ. Қазақта бата берудің үлкен өнер екенін айтсақ, Б.Момышұлы бұл жолда да асқан дарындылығымен ерекшеленеді.

Б.Момышұлының есімін қалың көпшілікке кеңінен танытқан оның шағын әңгімелері, күнделіктері негізінде жазылған шығармалары болып табылмақ. Тек қана шындықтың шыңынан сөйлейтін Б.Момышұлының кез келген шығармасын алып қарасаңыз, олардан тарихтың ізін анық байқаймыз. Тарихта болған оқиғаны ешбір бүкпесіз, қоспасыз қазақтың көркем тілімен баяндауға келгенде Б.Момышұлы алдына жан салмайды.

Соғыс жылдарында қағаз бетіне түсіріп қойған ойларының, жазған күнделіктерінің негізінде «Офицер күнделігі», «Москва үшін шайқас», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров» және т.б. Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған шығармалары дүниеге келген.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, Б.Момышұлы өзінің отбасында көріп өскен барлық тәлім-тәрбиесін, ізетшілдік, шыншылдық, турашылдық тәрізді қасиеттер мен әкесінен, әжесінен, ағайын-туғаннан алған өнегесін өмірінің соңына дейін серік етті. Оның әскер жолына арнаған өмір кезеңдерін әскери тақырыпта жазған шы-

ғармаларынан білсек, ал балалық жастық шағы жайында «Ұшқан ұя» атты шығармасы арқылы білеміз. Осы шығармасында Б.Момышұлы қазақ ауылындағы қайшылықты, тап тартысын қалтарыссыз әділ суреттейді. Қазақ халқының барлық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын, игі қасиеттерін шығарманың арқауы ете білген.

Б.Момышұлының бұдан басқа «Музей-апа», «Жон арқа» тәрізді әңгімелері мен «Куба әсерлері», «Москва үшін шайқас», «Бір түннің оқиғасы» т.б. ірі көлемді шығармалары тек қана қазақ әдебиеті тарихынан емес, әлем әдебиетінен өзіндік орынға ие болды.

Бауыржан Момышұлы әскери тақырыптың негізін қалағандардың бірі болуымен қатар, шығармаларында тек қана шындықты суреттейтін өзіндік стильдік ерекшелігі бар тұлға болып табылмақ.

ӘДЕБИЕТ

1. Әлімқұлов Т. Оның пірі шындық // Социалистік Қазақстан. 1990. 7-желтоқсан.
2. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Шығармалар. Алматы: Жазушы, 1975.-384 бет.
3. Айналған аты аңызға Момышұлы. Тараз, 2000.
4. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Алматы: Қазақстан, 1991.- 400 бет.
5. Нұршайықов Ә. Оралу // Жетісу. 1971. 24-февраль №38.
6. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты. Қор №1432. Тізбе №2. Іс №7.